

ГТАХР 14.25.05

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.И. Салгараева

6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының
2- курс PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы
қаласы, salgaraeva78@mail.ru

Бұл мақалада білім беру үдерісінде баланың әлеуметтік дағдылар жүйесін тиімді дамытуды бастауыш сынып оқушыларының сыртқы әлеммен белсенді қарым-қатынастарының оңтайлы бастамысы ретінде қарастырады және ұрпақтың табысты әлеуметтенуіне, өзін-өзі дамытуы мен тұлға болып қалыптасуына ықпал ететіндігі айтылады. Бұл жас кезеңді әлеуметтік дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыратын әлеуметтік жүйе немесе кезең ретінде қарастырады. Себебі, дәл осы кезеңде баланың өзіндік мінез-құлық қасиеттері қалыптасып, қоршаған ортамен тиімді өзара қарым-қатынас жасауы жүзеге асады. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдылар жүйесін дамытуда «жаңартылған білім берудің» маңызы өте жоғары. Дұрыс ұйымдастырылған сабақ, сабақтан тыс іс-шаралар баланың әлеуметтік тәжірибесін кеңейтіп, бала дамуының қосымша мүмкіндіктерін ашады. Осы мүмкіндіктерін ескере отырып, бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдылар жүйесін дамытудың бірнеше ерекшеліктерін ұсынады.

Түйін сөздер: әлеуметтену, қарым-қатынас, әлеуметтік дағды, іс-әрекет, әлеуметтік рөл, білім беру үдерісі

Білім беру мазмұнын заманауи қайта жаңартуға байланысты, сондай-ақ қоршаған ортамен тиімді өзара әрекеттесе алатын белсенді, іскер тұлғаларды қалыптастыруға деген қажеттілік туындағандықтан және елімізде болып жатқан елеулі өзгерістер, сонымен қатар «тұлғалық еркіндік», «өзін-өзі көрсету», «өзін-өзі дамыту» үдерістерінің маңыздылығын ұғына отырып, қазір ғылымда бала тұлғасын дараландыру және табысты әлеуметтендіру үдерісін оңтайландыруға ықпал ететін жолдарды іздестіру талап етілуде. Осыған байланысты оқу-тәрбие үдерісінде өскелең ұрпақтың табысты әлеуметтенуі мен өзін-өзі дамытуға, тұлға ретінде қалыптасуға мүмкіндік беру.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтарда халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауының жетінші міндетінде білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытуды мақсат ету керектігін айтып, білім берудегі озық жүйемізді құруды жеделдету қажеттігін баса айтты [1].

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері атты әдістемелік нұсқаулық хатта жас қазақстандықты қалыптастырудың түрлі бағыттары, яғни әлеуметтік-коммуникативтік, танымдық, сөйлеу мәдениеті, эстетикалық-көркемділік, спорттық сауықтыру жағы және шығармашылық жұмыс түрлеріне тарту маңызды рөл атқаратындығын алға тартады.

Өртүрлі әдебиеттерде өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселелерін жан-жақты зерттеп қарастырғанына қарамастан, қоғамдағы, ғылым мен білім берудегі жаңа үрдістер әлеуметтену мәселелерін одан әрі өзектендіріп, оның түрлі аспектілерін практикалық тұрғыдан шешу, сондай-ақ оның кіші мектеп жасынан бастау алуын қазіргі заман талап етуде. Осы жас кезеңінде әлеуметтену мәселесі аз деңгейде қарастырылады, бастауыш сынып оқушыларының білім беру кеңістігіндегі мүмкіндіктері мен жолдары туралы мәселелер шешілмеген күйінде қалып отыр. Барлық мәселенің өзегін анықтау үшін дәл осы жас кезеңнен бастау алу қажет. Себебі, балалық шақтың осы кезеңінде тұлғаның құрылымы кристалданады, яғни қалыптасу, өзін-өзі құру үдерістері жүзеге асады. Бұл жас кезеңді баланың өзіндік мінез-құлықтық қасиеттерді қалыптастыруға, қоршаған ортамен әрі қарай тиімді өзара қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыратын әлеуметтік жүйе немесе кезең ретінде қарастыруға болады. Осы кезеңнен бастап балалар қоғамда ересектермен қатар тең

құқылы болуға ұмтылады, жанындағылармен өзін тең серіктес ретінде ұстап, өзін белгілі бір топқа жататындығын қажетсіну сезімі қалыптасады. Демек, балада алғаш рет қоғамдық қатынастардың қандай да бір аналогын жасауға белсенді қатысу мүмкіндігі пайда болады. Ресей ғалымы И.И. Бондарева өз зерттеулерінде ересектердің әлеуметтік қарым-қатынас әлемін тануға және кіруге ұмтылу балаларды қарым-қатынас пен оны реттейтін нормаларды, құндылықтарды, қағидаларды қарқынды меңгеруге итермелейді, ал Л.И.Божович, А.К. Дусавицкий, Д.И. Фельдштейн және И.В.Дубровина осы жас кезеңінде әлеуметтік нормалардың, құндылықтар мен адамгершілік ұстанымдардың интериоризациялануы салдарынан тұлғаның қарқынды қалыптасуы жүретініне назар аударатындығын айтады [2].

Қазіргі уақытта нақты әлеуметтік дағдылар мен балалардың алдамшы мінез-құлықтары арасындағы өзара байланыстың бар екендігі туралы Канадалық Alison M. O'Connor, Angela D. Evans өз зерттеулерінде айқындады [3].

Американдық ғалымдардың (Nicole Sparapania, Carol McDonald Connorb, Leigh McLeanc, Taffeta Woodb, Jessica Tosted, Stephanie Dayb) зерттеулерінде әлеуметтік дағдылар және баланың оқығанды түсінуі мен сөздік қоры ойлау дағдысының ең жоғары сатысына көтерілуіне мүмкіндік береді, ал оқығанды түсінуін дамыту әлеуметтік дағдылары мен сөздік қорының анағұрлым озық дамуына ықпал етеді. Әлеуметтік дағдылар, сөздік қоры мен сөйлеу арасындағы қарым-қатынасты зерттеу бастауыш сыныптарды дамыту мен оқытуды қолдау тәсілдерінің негізі бола алатындығын көрсетті [4].

Осы жас кезеңінде психикалық үдерістердің еркіндігін, өз мінез-құлқының еркіндігі мен рефлексиясын қалыптастыру жүзеге асады. Бұл баланың басқа адамдар тарапынан мойындауының қажеттілігі мен жаңа әлеуметтік маңызы бар іс-әрекетті меңгеру қажеттілігін дамытуды қамтамасыз етеді. Қоғамдық маңызы бар және қоғамда бағаланатын іс-әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында Д.Б.Эльконин кіші мектеп жасындағы мәселелерге назар аудара отырып, олардың жаңа ұстанымдарды қабылдауын, сондай-ақ ережелерге бағыну, әлемге жаңа көзқарастармен қарау секілді негізгі ерекшеліктерін атап көрсетеді. Бастауыш сынып оқушылары әртүрлі өмір саласын қамтитын, бұрын оларға қол жетпейтін іс-әрекет түрлеріне жетуге, өзін-өзі бекітуді жүзеге асыруға ұмтылады. Бастауыш сынып оқушыларының маңызды ерекшелігі адамгершілік-психологиялық нормалар мен мінез-құлық ережелеріне шиеленіскен сензитивтілік пен қоғамдық қарым-қатынас тәсілдерін меңгеруге дайындық болып табылады. Бұл үдерістің ретімен болуы бастауыш сынып оқушыларының табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді [5].

Отандық ғалым А.Д.Сыздықбаеваның зерттеулерінде баланың әлеуметтік дағдыларын ерте балалық шақтан қалыптастырудың қажеттілігін талдауға тырысқан, мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру кезінде қолдануға болатын негізгі құралдарды көрсетті [6].

Дегенмен де мектеп табалдырығына келуі баланың бұған дейінгіден де әлдеқайда кең қарым-қатынас жүйесіне енудің бастамасы деп білеміз, мектепте бар әлеуметтік және мәдени негізделген талаптар деңгейін отбасы да, балабақша шеңбері де бере алмайды. Мектеп өмірінің бастамасы, шағын кеңістікті-сынып пен мектеп талаптарын орындауда бала белгілі бір өзара қарым-қатынас түрлерімен танысады және әлеумет пен қоғаммен қарым-қатынас жасай бастайды. Баланың өзінің жаңа рөлін қабылдау жылдамдығы мен табыстылығына осы кезеңде қалыптасатын әлеуметтік дағдының ерекшеліктері көп әсер етеді. Әлеуметтік дағдылар – қойылған мақсатқа жету барысында, түрлі топтармен немесе белгілі бір адамдармен тиімді және табысты өзара әрекеттесу қабілеттілігі, басқа адамдармен бірлескен әрекетте ымыраға келіп, кикілжіңдерді шеше ала білу.

"Әлеуметтік дағдылар" ұғымы "әлеуметтік тәжірибе" немесе "тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары" ұғымымен тығыз байланысты.:

- ынтымақтаса білу;
- құрдастарымен, басқа балалармен, ересектермен қарым-қатынас жасауға дайын болу;
- жаңа топқа, ұжымға, бейтаныс жағдайға бейімделе білу.

«Әлеуметтік тәжірибе» деп жалпы түрде әрекет етуші субъектінің (адамның) сыртқы әлеммен өзара іс-әрекет үдерісінде болатын сыртқы әлемнің сезімдік көрінісі болып табылады.

Біз кіші мектеп жасындағы бала туралы айтатын болсақ, әлеуметтік тәжірибе деп ересектермен, балалармен, кең әлеуметтік ортамен бірлескен әрекет барысында жинақталған кез

келген маңызды іс-әрекетін жүзеге асыру және қоғам мүшелерімен өзара іс-әрекет жасау формалары деп түсінеміз. Бала туғаннан бастап адамдармен және қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау арқылы өзара іс-әрекетінің белгілі бір нысандарын жинақтайды. Қалай ол өзіндік белсенділігін көрсету мүмкіндігін байқаған сәтте, бірден осы формаларды айналасындағылармен сынап көреді де, нәтижесінде ең тиімдісін бойына сіңіреді, сонымен қатар қарым-қатынаста «осылай жасауға болады екен» деген ой қалыптасады да, бала өзіне керек маңызды нәтижеге қол жеткізуінде осы мүмкіндіктерді пайдаланады. Мысалы, егер бала өзінің айқайларымен және қыңырығымен мақсатына қол жеткізуге үйренсе және ата-аналары онымен ештеңе істей алмаса, онда оған балабақша тобына немесе мектеп сыныбына бейімделу қиын болады, себебі онда оның қыңырлығына назар аудармайды. Бала өзінің жинақтаған қыңыр әлеуметтік тәжірибесінің «жұмыс істемейтінін» түсінеді де, қоршаған адамдармен өзара іс-әрекетінің басқа түрлерін іздей бастайды.

Осылайша, балада қарым-қатынас тәжірибесі кең болған сайын, ол көптеген адамдармен қарым-қатынас жасайды, әртүрлі жағдайларға түскен сайын, оның әлеуметтік тәжірибесі кеңейіп, әлеуметтік дағдысы қалыптаса бастайды [7].

Әлеуметтік дағдылар осылайша эмоционалдық жайлылыққа қол жеткізудің және әлеуметтік тәжірибеге ие болудың алғышарты болып табылады. Әрине, баланың қоршаған ортасы, бірінші кезекте отбасы, сондай-ақ баланың жеке қасиеттері мен сипаттамалары әлеуметтік тәжірибені игеруге әсер етеді. Отбасы әлеуметтік тәжірибе алуға ықпал ете алады және тіпті баланы әртүрлі тұрақты және тұрақсыз балалар топтарына қосу арқылы, әлеуметтік дағдыларды дамыту арқылы жүйелі түрде қалыптастыра алады.

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын дамыту көбінесе баланың өзіне маңызды әлеуметтік рөлдердің әртүрлілігін кеңейтумен анықталады: «мен – оқушымын», «мен – сыныптаспын», «мен – доспын/құрбымын», «мен – отбасы мүшесімін».

Көптеген кіші сынып оқушыларының әлеуметтік рөлдерді меңгеруінде қиындықтар кездеседі. Бұл ретте бастауыш мектепте балалар әлеуметтік кеңістік пен әлеуметтік рөлдерді меңгеру кезінде көмекке мұқтаж екенін түсіну маңызды. 1 - сыныпқа балалар әлеуметтік дағдылардың әртүрлі деңгейімен келуі мүмкін: мысалы біреуі балалар ұжымына оңай бейімделеді, ондағы өз орнын интуитивті түсінеді, ал біреуі керісінше қарым-қатынас тәжірибесі жоқ, тұрақты ұжымда өзін өте ыңғайсыз сезінеді. Әрине, қалыптасқан ұжымдағы балалардың өзара қарым-қатынасының барлық ерекшеліктері оқу іс-әрекетіне, әсіресе алғашқы алты айда қатты әсер етеді. Одан кейін сыныпта өзара қарым-қатынас анағұрлым тұрақты болады, қызығушылықтары бойынша топтар қалыптасады және отбасында қалыптасқан үй тәжірибесі соншалықты байқалмайды. Біртіндеп мұғалімнің пікірі әріптестерді бағалауда маңызды рөлді атқара бастайды.

Әлеуметтік дағдыларды іс-әрекеттің игерілген элементтердің, әлеуметтік мінез-құлықтың тұрақты түрлері деп түсінеміз, яғни ол өз ниеттері мен қалаулары аясындағы «Менін»; адамдар ортасындағы «Менін»; құндылықтар, мораль нормалары мен қоғам мәдениеті аясындағы «Менін» ұғыну арқылы қалыптасады. Әлеуметтік дағдылар мен машықтар туралы айта отырып, біз қоршаған ортамен қарым-қатынаста табысты болу үшін адамның білім, тәжірибе, сапалары мен қабілеттерінің жиынтығы туралы айтамыз.

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдылары жүйесін дамыту барысында «жаңартылған білім берудің» маңызы өте жоғары және тиімді болып табылады: жеке және топтық сабақтарға, рөлдік ойындарға, қоғамдық жұмыстарға қатысады, өзінің қатысу дәрежесі, оның жеке, топтық және қоғамдық мүдделерімен ара қатынасы анықталады.

Күрделі өмірді және әртүрлі жоспарларды түсіне отырып, біз баланы әлеуметке және шығармашылыққа үйретуіміз қажет, ол үйренген мінез-құлық үлгілерін жай ғана көшірмей, нақты қалыптасқан жағдайларға сай мысал келтіре отырып өз мінез-құлқын қайтадан қалыптастырып отыруына жайғдай жасалуы маңызды. Бұл мәселені практикалық шешу келесі құралдар жүйесі арқылы өтеді:

- білімнің практикалық маңыздылығын көрсету және өз білімінің шекарасын кеңейту қажеттілігін сезіну;

- болып жатқан жағдайға өзіндік қарым-қатынасын сезіну үшін және басқалардың эмоциялары мен мотивтерін түсіну мақсатында адамдардың мінез-құлқын бақылау;

- оқушылар оқу үдерісінде көп нұсқалы жолмен практикалық тапсырманы шешуде белгілі бір жағдаяттарды құрастырады.

- рефлексивті кезеңді ұйымдастыру.

Оқушылардың белсенділігін, дербестігін және жауапкершілігін қалыптастыруда, шешілетін мәселелерге шығармашылық тұрғыдан қарауына аса мән беру керек, өйткені осы арқылы балалар өзара іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін тез меңгереді, тұлғалық қабылдауы артады, ал жүйелілік пен вариативтіліктің жоғары дәрежесі өз бетінше таным мен тәжірибе құралдары ретінде келесі әрекеттерінде көрініс береді. Білім беру үдерісі ұйымдастырудың белсенді түрлерін қолдануды көздейді: рөлдік ойындар, әңгімелесулер, диспуттар, «миға шабуыл», мәселелік қойылымдар т. б.

Бастауыш мектептегі білім берудің мақсаты - өсіп келе жатқан тұлғаны әлеуметтендіру, әлемге, өзіне деген қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы азаматтық қоғамға кіру үшін жағдай жасау. Баланы әлеуметтік диалог пен ынтымақтастыққа дайындау мақсатын келесідей негізгі салаларға бөліп көрсеттік:

- қарым-қатынас пен ынтымақтастық, коммуникативтік құзыреттілікті дамыту;
- тиімді өзара іс-әрекет пен бірлескен өмір сүру қағидаттары ретіндегі негізгі адами құндылықтар мен заңдарды ұстану;
- өзін-өзі тану арқылы оқушылардың тұлғалық дамуы, соның ішінде басқалармен өзара қарым-қатынас жасау, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу.

Бұл айтарлықтай әлеуметтік-мәдени және әлеуметтендіруші әлеуетке ие, жеке және әлеуметтік деңгейде өз «Менін» тануы мен ашуына, бала өз өмірі мен қоғам өмірінің белсенді субъектісі болатын адам қатынастары жүйесінде өз орнын іздеуіне мүмкіндік береді. Білім беру үдерісін ұйымдастырудағы іс-әрекет тәсілі жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі негізінде балаларда құндылық бағдарларының қалыптасуы үшін жағдай жасау; өз елінің патриотын және әлем азаматын тәрбиелеу үшін жағдай жасау; баланың адамгершілік дамуы: оның санасы, сезімдері, мінез-құлықтары; адамгершілік-құқықтық мәдениетті қалыптастыру; оқушыларда ынтымақтастық дағдыларын дамыту және құрдастарымен және ересектермен тиімді өзара іс-әрекет жасауы, баланың өзін-өзі тану тәжірибесін алуы үшін жағдай жасау. Сонымен қатар баланың әлеуметтік бағдарланған дағдыларын қалыптастырудың ерекшелігі мәдениеттің әлеуметтік алуан түрлілігімен анықталуында. Қазіргі қоғамда түрлі мәдениеттердің бір-бірімен тығыз байланыста, мұндай байланыстың аяғы әр- түрлі мәдени стереотиптердің тасымалдаушыларының тұлғаралық өзара іс-әрекетіне ұласады, сондықтан бүгінде осындай ағынның ақпараттық сәйкессіздігі барған сайын арта түсуде [8].

Дәл осындай типтік жалпы мәдени әлеуметтік-бағытталған стереотиптер әлеуметтік-педагогикалық феномендердің ерекше түрі болып отыр, сондықтан да баланың өзіндік жеке өмірлік траекториясын құру қажеттілігі туындады ол үшін ең маңызды, басым міндеттер контекстін қарастыру көзделуде. Осы міндеттерді ескере отырып, іс-әрекеттегі әлеуметтік дағдылардың маңыздылығы көрсетіледі. Дұрыс ұйымдастырылған сабақ, сабақтан тыс іс-шаралар баланың әлеуметтік тәжірибесін кеңейтеді. Дарынды мұғалімдердің озық тәжірибелері, «оқыту мен тәрбие берудің маңызды даму қағидасы» тиімді қолданылса, бала дамуының қосымша мүмкіндіктері ашылады.

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту ерекшеліктері:

- Өзіндік тұлғаға деген мүмкіндігінше жылы көзқарас дағдылары: Өз болмысын, мінезін, кемшіліктерін, артықшылықтарын тану қабілеті. Бұл балаларға өз-өздерін, қабілеттерін, мүмкіншіліктерін, перспективаларын бағалауға мүмкіндік береді.

- Позитивті қарым-қатынас дағдылары: Өзгелермен тиімді қарым-қатынас жасау мүмкіндігі (сындарлы, достық қарым-қатынасты орнатуға және қолдау көрсетуге, отбасында, командада жылышырай қарым-қатынасты нығайтуға көмектеседі).

- Өзін-өзі бағалау мен басқаларды түсіну дағдылары: өзін және өзгелерді сыни тұрғыдан лайықты бағалай білу, айналасындағы адамдарды сол қалпында қабылдай алу қабілеті (мұнда балалар әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасауда және өзара әрекеттесу жағдайында, соның ішінде адамдарға шұғыл көмек пен қамқорлық қажет болған жағдайларда (мысалы, мүгедектер, қарттар, ардагерлер) дұрыс әрекет ете білуге дағдыланады).

- Өз бетінше шешім қабылдау дағдылары: жағдайды талдау және сындарлы, салмақты шешімдер қабылдай алу қабілеті (бұл дағдыларды меңгерген бала әртүрлі пікірлерді ескеріп, өз бетінше шешім қабылдай алады және оның шешімдері басқа адамдардың мінез-құлқына, шешім қабылдауына әсер етеді).

- Мәселелі жағдайларды шешу дағдылары: әртүрлі өмірлік қиындықтарды жеңе білу, әлеуметтік бағдарланған мінез-құлықтағы тәжірибесін жетілдіру қабілеті (бұл дағдыларға ие болу әлеуметтік қиын жағдайларда өзін-өзі мінсіз және сенімді түрде жүргізуге мүмкіндік береді, адамның жеке, топ-топтық және топаралық қарым-қатынастардағы қалыпты емес жағдайларды ұқыпты және ақылмен қарастырады, шешеді).

- Шығармашылық дағдылар: Қалыптан тыс әртүрлі мәселелерді шығармашылық жолмен, өзінің жеке тәжірибесімен, білімі мен басқа адамдардың жетістіктерін пайдалана отырып шешеді (бұл адамның күнделікті өміріне жарқын эмоционалды және шығармашылық эпизодтар әкеледі, күнделікті өмірде қызықты, керемет сәттерді көруге үйретеді).

Әлеуметтік тәжірибенің құрылымы мен оның қалыптасу тетіктерін ескере отырып, оқушының әлеуметтік дағдысы оның сыртқы әлеммен белсенді қарым-қатынастарының нәтижесі екенін атап өтуге болады. Әлеуметтік тәжірибені меңгеру - тек білім мен модельдерді меңгеру ғана емес, мәнді құндылық бағдарларымен байытылған индивидуалды тәжірибе болып табылатын қарым-қатынас пен іс-әрекеттік тәсілдерді үйренуін айтамыз.

Сонымен кіші мектеп жасындағы балалардың мінез-құлқының әлеуметтік дағдылар жүйесін дамытудың тиімді жолы сол жастағы балалардың білім беру кеңістігінің әлеуметтік ортасын құру, оның оқыту субъектілерінің қызметін жүйелі ұйымдастыру болып табылады. Балаларды құрдастарымен маңызды әлеуметтік қатынастар жүйесіне біртіндеп қосу арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдылары мен жүріс-тұрыс дағдылар жүйесін дамыта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. ҚР Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауы.
2. Бондарева И.И. Психологические условия развития системы социальных навыков и умений гражданского поведения у младших школьников: - Нижний Новгород, 2007.- 194 с/
3. A.M. O'Connor, A.D. Evans. The role of theory of mind and social skills in predicting children's cheating. *Journal of Experimental Child Psychology* 179 (2019) 337–347.
4. Nicole Sparapani, Carol McDonald Connor, Leigh McLean, Taffeta Wood, Jessica Toste, Stephanie Day. Direct and reciprocal effects among social skills, vocabulary, and reading comprehension in first grade. *Contemporary Educational Psychology* 53 (2018) 159–167.
5. Эльконин Д.Б. Мышление младшего школьника//Очерки психологии детей. М., 1951.
6. Сыздықбаева А.Д. Некоторые вопросы значимости воспитания и обучения детей раннего и дошкольного возраста. *Вестник Казахского государственного женского педагогического университета*. № 4 (76). 2018, сс. 159 -162 .
7. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис / пер. с англ.; общ. ред. и предисл. А. В. Толстых. — М.: Прогресс, б.г. (1996).
8. Нұржанова С.А., Салғараева Г.И. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын қалыптастыру мәселелері. *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы*. №1(77), 2019. 217-223 бб.

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Г.И. Салғараева

Докторант PhD 1-курса по специальности 6D010200 – Педагогика и методика начального обучения, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, salgarayeva78@mail.ru

Эффективное развитие системы социальных навыков ребенка в образовательном процессе рассматривается как оптимальная инициатива активных отношений младших школьников с внешним миром и способствует успешной социализации, самосовершенствованию и становлению личности. Этот возраст рассматривается как социальная система или период, формирующий социальные навыки и умения. Ведь именно в этот период у ребенка формируются свои поведенческие качества и осуществляется эффективное взаимодействие с окружающим миром. «Обновленное образование» имеет очень большое значение для

развития системы социальных навыков учащихся начальных классов. Правильно организованные уроки, внеурочные мероприятия расширяют социальный опыт ребенка, открывают дополнительные возможности развития ребенка. С учетом этих возможностей предлагаются несколько особенностей развития социальных навыков учащихся начальных классов.

Ключевые слова: социализация, общение, социальные навыки, деятельность, социальная роль, образовательный процесс

FEATURES OF DEVELOPMENT OF SOCIAL SKILLS OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

G.I. Salgaraeva

PhD student 1-course specialty 6D010200 – Pedagogy and methodology of elementary education, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, salgaraeva78@mail.ru

Effective development of the system of social skills of the child in the educational process is considered as an optimal initiative of active relations of primary school children with the outside world and contributes to the successful socialization, self-improvement and personal development. This age is seen as a social system or period shaping social skills and abilities. After all, it is during this period that the child develops his behavioral qualities and effectively interacts with the world around him. "Renewed education" is very important for the development of the system of social skills of primary school students. Properly organized lessons, extracurricular activities expand the social experience of the child, open up additional opportunities for the development of the child. Taking into account these opportunities, several features of the development of social skills of primary school students are proposed.

Key words: socialization, communication, social skills, activity, social role, educational process

Редакцияға 04.10.2019 түсті.